

С.Н. Сабыкенов* 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық ғылымының жанындағы
Сорбонна-Қазақстан институты
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: salahiden.sabikenov@mail.ru

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты адам өмірінде тумысынан берілетін, ажырамас, аса бағалы қазынасы танылатын адам құқықтарының халықаралық құқықтық теориясының бірнеше мәселелерін қарастыру болып табылады. Адам құқықтарының теориялары бастау алатын Ежелгі Грекия, Рим кезеңінен бастап, XVII-XVIII ғасырлардағы Еуропа ұлы ғұламаларының адам құқығы жөніндегі теорияларын зерттеп, 1789 жылғы Француз революция кезеңі мен Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыс уақытында енгізілген өзгерістерге үңіліп, қазіргі күнге дейінгі адам құқықтарының дамуын түсіндіре отырып, халықаралық қатынастарда, халықаралық құқық саласында алатын орны қарастырылады. Халықаралық деңгейде ұлы философтардың адам құқықтары ұғымына берген әртүрлі түсініктемелері мен көзқарастары, оның ішінде иерархия, бірлік, біржүйелілік, тәуелсіздік, билік, әділеттілік және заңдылық мәселелері сияқты халықаралық құқықтың теориялық мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, адам құқықтарының халықаралық құқық саласындағы құндылығы, ерекшелігі, тәуелсіздігі, өзара теңдігі және оларды қорғауда мемлекет және өзге де құқықтық институттарының міндеті туралы түсінік беріледі. Халықаралық қатынастарда утилитаризм, конструктивизм, либерализм, феминизм, космополотизм және басқа да теориялардың шығуы мен мәні, қазіргі замандағы адам құқықтары туралы түсінікке қосқан үлесі қарастырылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы және Еуропалық адам құқықтары Соты сияқты халықаралық ұйымдардың адам құқықтарын қорғау мен насихаттаудағы рөлі және аталған ұйымдардың нормативтік актілерді әзірлеп, оған мүше мемлекеттердің актілерді сақталуын бақылауы, адам құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдарды қарап, реттеу секілді қызметтері көрсетіледі.

Негізгі сөздер: адам құқығы, халықаралық құқық, халықаралық шарттар, келісімдер, адам құқығы туралы теориялар, адамзаттық құндылық, құқықтық мәдениет.

Кіріспе.

Қазіргі таңда әлемде адам құқықтары мәселелері Халықаралық құқық саласындағы ең өзекті, әрі даулы мәселелердің бірі болып табылады. Олар әр адамның ұлтына, нәсіліне, жынысына немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды және сақтауды қамтамасыз ететін принциптер арасындағы күрделі өзара әрекеттесуді көрсетеді. Адам құқықтары теориялары табиғи құқықтан бастап, әр адамның өмір сүру табиғаты бойынша белгілі бір ажырамас құқықтары мен бостандықтары бар деген болжамға негізделген, утилитаристік тәсілдерге дейінгі көптеген тәсілдерді қамтиды, мұнда құқықтар белгілі бір қоғамдық мақсаттарға немесе мүдделерге қолжеткізу құралы ретінде қарастырылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы және Еуропалық адам құқықтары Соты сияқты халықаралық ұйымдар адам құқықтарын қорғау мен насихаттауда шешуші үлкен рөл атқарады. Олар нормативтік актілерді әзірлеп, оған мүше мемлекеттердің актілерді сақталуын бақылайды және адам құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдарды қарап, реттейді.

Алайда, халықаралық құқықтық институттар мен адам құқықтары теориялары алдында тұрған бірқатар қиындықтар мен проблемалар бар. Олардың ішінде – кейбір үкіметтер адам құқықтарының ұлттық мүдделерінің бұзылуы мәселесі; адам құқықтары саласындағы бірыңғай халықаралық стандарттың болмауы, әрі бұлардың пікірталастар мен екіұшты түсіндірулерге алып келуі, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі шешімдерді

мәжбүрлеп орындау тетіктерінің тиімділігінің жеткіліксіздігі секілді бірқатар мәселелер бар.

Халықаралық құқықтық мәселелер мен адам құқықтары туралы теориялар – бұл барлығының назары мен күш-жігерін қажет ететін күрделі және өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан халықаралық құқықтық жүйені нығайту, әмбебап нормалар мен стандарттарды дамыту және бүкіл әлемде әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Адам құқықтары туралы халықаралық теорияларды зерттеу бірнеше себептерге байланысты өзекті болып қала береді. Алдымен, жаһандану және халықаралық қақтығыстар себебінен. Яғни, жаһандану мен мәдени, діни және этникалық топтардың алуан түрлілігі жағдайында әлемде адам құқықтары саласында жаңа сын-қатерлер туындайды. Бұл теорияларды зерттеу адам құқықтарының әртүрлі тәсілдері халықаралық қақтығыстарды шешуге және дауларды шешу тәсілдеріне қалай әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, технологиялық прогресс және цифрлық құқықтар: цифрлық технологиялардың дамуымен интернеттегі адам құқықтары туралы жаңа сұрақтар туындайды, соның ішінде құпиялылық, сөз бостандығы, ақпаратқа қолжетімділік және тағы да басқа теорияларды зерттеу қолданыстағы нормалар мен стандарттарды цифрлық әлемнің жаңа шындықтарына қалай бейімдеу керектігін түсінуге көмектеседі. Үшіншіден, адам құқықтары ұғымының кеңеюі: қазіргі қоғамда адам құқықтары ұғымы үнемі дамып, кеңейіп келеді. Теорияларды зерттеу адам құқықтарының жалпы тұжырымдамасы шеңберінде жануарлар құқықтары, экологиялық құқықтар, әлеуметтік және экономикалық құқықтар сияқты жаңа аспектілерді қарастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, адам құқықтары мен бостандықтары туралы Ежелгі Грекиядан бастап, XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген Еуропа ғұламаларының еңбектерін зерттей отырып, қазіргі кезге дейінгі халықаралық теориялар талданады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Халықаралық құқық саласында адам құқықтары әр адамға өзінің адамдық қадір-қасиетіне қарай тиесілі әмбебап және ажырамас құқықтарды білдіреді. Оларды халықаралық қауымдастық әділеттілікті, теңдікті және жеке құқықтар мен бостандықтарды құрметтеуді қамтамасыз ету мақсатында мойындайды және қорғайды. Халықаралық құқықтағы адам құқықтары тұжырымдамасының негізгі белгілеріне мыналар жатады:

1. Әмбебаптық: адам құқықтары әмбебап болып саналады. Олардың ұлтына, нәсіліне, жынысына, дініне немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, барлық адамдарға қолданылады.

2. Ажырамас және бөлінбейтін болуы: яғни, әр адамның қадір-қасиеті мен құндылығын бұзбай айыруға немесе бұзуға болмайды.

3. Тәуелсіздік және өзара байланыс: адамдар өз құқықтарын жүзеге асыруда тәуелсіз, алайда басқа адамдардың құқықтарын бұзбауы қажет.

4. Мемлекеттердің міндеттемесі: мемлекеттер өз азаматтары мен тұрғындарының адам құқықтарын халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес қорғауға, сақтауға және оларды жүзеге асыруға міндетті.

5. Халықаралық қорғау: халықаралық қауымдастық пен ұйымдар адам құқықтарын қорғауға және әлемнің кез келген елінде олардың бұзылуына жауап беруге міндетті.

6. Прогрессивті даму: адам құқықтарын түсіну және қорғау қоғамның өзгеретін жағдайлары мен қажеттіліктеріне сәйкес үнемі дамып, жетілдіріліп отырады.

Халықаралық құқық саласында адам құқықтарының тарихы ғасырлар бойы жалғасып келеді. Қоғамның әділеттілік, бостандық және теңдік мәселелеріне көзқарастарының эволюциясына тоқталатын боламын. Ежелгі дәуірде әртүрлі өркениеттер қоғам мүшелері үшін белгілі бір құқықтар мен бостандықтарды мойындайтын нормалар мен ережелер

кодекстерін тұжырымдаған. Діни мәтіндерде адам құқықтарын түсінуге негіз болатын әділеттілік пен мораль принциптері де болды. Мәселен, Адам құқықтары туралы алғашқы теориялар ежелгі Грекиядан бастау алған болатын. Осы уақытта адамдар бостандық, қоғамның теңдігі туралы мәселелерге көңіл бөлді. Себебі, құлдар субъект ретінде емес, объект ретінде ғана өмір сүрді. Белгілі заң шығарушы Солон б.з.д. 594 жылы қарыздық құлдықты жойып, қоғамда демократияны енгізді. Сондай-ақ, адам құқығын қалыптастыруда Пифагор зор үлесін енгізді. Ол «әділ» деген ережені шығарды, яғни, «тең дәрежеде жазалаудан тұру» деген тұжырымда болды. Бұл сөйлемде теңдік принципін түсінуге болады. Бұл қағида жасалған теріс қылық үшін адамдардың қандай сатылық деңгейіне қарамастан тең жауапкершілікке тартылуы туралы айтады. Сонымен қатар, біздің эрамызға дейінгі V-IV ғасырлардағы софистер теңдік пен әділеттілік идеясын қарастырды. Бұл кезеңде Протагор: «барлық нәрсенің өлшемі — бар адамның өмірде бар екені және жоқтың жоқ екендігі», - деді. Оның пікірінше, саясаттағы өмір барлығына бірдей және тең дәрежеде қолжетімді болуы керек. Софист Алкидтің әйгілі «Құдай бәрін еркін жаратты, ал табиғат ешкімді құл етпеді» деген сөзі адамдардың теңдігі мен табиғи бостандығы идеясының дамуын көрсетеді [1].

Рим юрисдикциясына тоқталатын болсам, онда құқық жеке тұлға мен мемлекет арасындағы бостандыққа негізделген қатынастардың жиынтығы болды. Ежелгі Римдегі жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі идеяларының дамуына стоиктер ықпал етті. Заң, олардың пікірінше, Құдайдың күші негіз болатын адамның тағдыры [2].

XVII-XVIII ғасырлардағы ағарту кезеңінде Еуропада бүкіл адамзатқа тән табиғи адам құқықтары туралы алғашқы идеялар пайда болды. Джон Локк, Жан-Жак Руссо және Иммануил Кант секілді ұлы философтар адам құқықтары туралы тұжырымдамалар жасады. Бұл тұжырымдамалары халықаралық құқықтың қалыптасуына негіз болды. Мәселен, Джон Локк адамдардың міндеттер мен бостандықтар арасындағы айырмашылықты жасады. Оның пікірінше, бостандық деген бұл алдында міндет болмаса, кез келген нәрсені жасау мүмкіндігі. Яғни, тыйым салынбайтын кез келген әрекет. Ал міндет дегенді белгілі бір іс-әрекетті жасамауға болмайтын әрекет ретінде түсіндірді. Францияның ұлы ойшылдарының бірі болып Жан-Жак Руссо болып табылады. Ол адамдардың шығу тегі және адамдар арасындағы теңсіздіктің негіздері туралы пайымдаулар берген. Сонымен қатар, Жан-Жак Руссо мемлекеттің шарттық шығу теоретигі және халықтық егемендік теоретигі ретінде танылады [3]. Ол мемлекеттің табиғи жағдайы теориясына ерекше назар аударған болатын. Философ Иммануил Кант халықаралық құқықты қазіргі мағынада, үстемдік принципі бойынша жіктейтін мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттеу ретінде түсіндірді. Ол сондай-ақ «соғыс құқығын» тек өзін-өзі қорғау мақсатында қолдану мүмкіндігін шектейтін «жалпыға бірдей қонақжайлылық қағидатына негізделген Дүниежүзілік Азаматтық құқық» идеясын жақтаған болатын.

Француз революциясы кезіне келсем, 1789 жылы Ұлы француз революциясының адам және азамат құқықтары туралы Декларацияны қабылдауына әкелді, онда сөз бостандығы, діни сенім және заң алдындағы теңдік сияқты адам құқықтарының негізгі принциптері тұжырымдалды. 1789 жылы Француз Ұлттық Ассамблеясы қабылдаған адам және азамат құқықтарының Француз декларациясы адам құқықтарының көптеген заманауи тұжырымдамаларын шабыттандырған маңызды тарихи құжат болып табылады. Бұл декларация кейбір негізгі принциптерге, соның ішінде заң алдындағы теңдікке, сөз бостандығына, дінге және баспасөзге баса назар аударады. Сонымен қатар, меншік құқығын және биліктің бөліну принципін мойындайды. Бұл құжат адам құқықтарын дамытудағы маңызды қадам болған еді. Француз декларациясы бүкіл әлемдегі адам құқықтарын қорғаудың басқа қозғалыстарын шабыттандырған еді. Солайша, көптеген халықаралық құжаттардың, соның ішінде 1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының бастаушысы болып табылады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы болашақ қақтығыстардың алдын алу және бейбітшілік пен әділеттілікке ықпал ету мақсатында құрылды. БҰҰ хартиясы адам құқықтарын қорғау қағидаттарын бекітті және барлық мүше мемлекеттердің осы құқықтарды сақтауына жәрдемдесуге шақырды. 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады, ол адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін алғашқы жалпыға ортақ халықаралық құжат болды. Бұл құжат барлық кейінгі халықаралық шарттар мен адам құқықтары туралы конвенциялардың негізі болып табылады. 1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы бүкіл әлемдегі барлық адамдар үшін қорғалуы тиіс негізгі құқықтар мен бостандықтарды бекітетін тарихи құжат болып табылады. Декларация өмір сүру құқығы, бостандық, жеке басының қауіпсіздігі, заң алдындағы теңдік, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, ой, ар-ождан, дін және басқалары сияқты негізгі құқықтарды мойындайтын 30 баптан құралған. Декларация бұл құқықтардың әмбебап, ажырамас және бөлінбейтін екенін және кемсітушіліктің кез келген түрінсіз қорғалуы керек екенін атап көрсетеді. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы көптеген халықаралық шарттар мен ережелерді әзірлеуге негіз болды және бүкіл әлем бойынша әділеттілік, теңдік және адам құқықтарын қорғау үшін күреске шабыт ретінде қызмет етеді. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы қабылданғаннан кейін адам құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдарды қарайтын Еуропалық адам құқықтары соты және америкааралық адам құқықтары соты сияқты халықаралық соттар құрылды. Еуропалық адам құқықтары соты мен америкааралық адам құқықтары соты өз континенттерінде адам құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Францияның Страсбург қаласында орналасқан адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот Еуропалық Одақ азаматтарының Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенциямен кепілдендірілген құқықтардың бұзылуы туралы шағымдарын қарайтын сот. Бұл сот Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер үшін міндетті шешімдер қабылдайды, әрі оның жұмысы аймақтағы адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Еуропалық соты Адам құқықтары мен негізгі құқықтарын қорғау туралы Конвенцияның принциптері негіздене жүзеге асады [4]:

1. Автономия принципі: Кепілдендірілген құқықтар мен бостандықтар Конвенцияның мазмұнына сүйене отырып, дербес түсіну.

2. Эволюциялық принцип: Конвенция демократиялық елдерде басым болып табылатын заманауи шарттар мен тұжырымдамалар негізінде дамитын серпінді құрал.

3. Тиімділік принципі: Конвенцияның ережелері, олардың нақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін талқыланып, қолданылуы.

4. Масштаб принципі: Мемлекеттер құқықтар мен бостандықтарды шектеуде дискрециялық өкілеттіктерге ие, ал шектеулер демократиялық қоғамда қажет және маңызды әлеуметтік қажеттіліктерге байланысты болуы керек. Қолдану аясы заңның сипатына және шектеу мақсаттарына байланысты өзгеріп отырады.

5. Пропорционалдылық принципі: Қоғам мүддесі үшін құқықтардың шектеулері барабар болуы керек. Сонымен қатар, қабылданған шаралар мен олар көздейтін мақсаттар арасындағы ақылға қонымды қатынасты сақтауы керек.

6. Субсидиялау принципі: Сот адам құқықтарының ұлттық жүйелерін алмастырмай, қосымша сипатқа ие. Ұлттық билік Конвенцияда көзделген құқықтарды қамтамасыз ету үшін шараларды таңдауда еркін болады.

Америкааралық адам құқықтары соты – Америкалық адам құқықтары туралы конвенцияға қол қойған елдердегі адам құқықтарының бұзылуы туралы шағымдарды қарайтын сот органы болып табылады. Ол Коста-Рикада орналасқан. Латын Америкасында адам құқықтарын қорғауда шешуші рөл атқарады. Сот шешімдері оның құзыретін

мойындаған елдер үшін міндетті болып табылады. Американдық адам құқықтарын қорғау жүйелері аймақтық ұйыммен тікелей байланысты – Америка мемлекеттерінің ұйымы (АМҰ), оның мүшелері Кариб теңізі аймағындағы Американың барлық мемлекеттері болып табылады. Америка мемлекеттерінің ұйымының құрылтай шарты көпжақты шарт – Америка мемлекеттері ұйымының Жарғысы болып табылады. 1948 жылы Америка мемлекеттерінің ұйымы Жарғысының 3 тармағында «өкілді, демократияны» тиімді жүзеге асыруға негізделген осы саяси ұйым шеңберіндегі мемлекеттердің ынтымақтастығын қарастырады. Яғни, нәсіліне, жынысына немесе этникалық тегіне қарамастан адамның негізгі құқықтарын жариялайды [5].

Екі сот та адам құқықтарын қорғау үшін күресте маңызды құрал болып табылады. Олар азаматтардың халықаралық инстанциялардағы құқықтардың бұзылуына шағымдану тетіктерін қамтамасыз етеді.

Адам құқықтары – мәдениеттер, ұлттар мен идеологиялардың шекараларын кесіп өтетін әмбебап құбылыс. Көптеген жылдар бойы әртүрлі теориялар осы құқықтардың табиғаты мен негіздерін түсіндіруге талпынуда. Адам құқықтары туралы бірнеше танымал халықаралық теорияларды және олардың қазіргі әлемдегі маңыздылығын қарастыратын болсам:

1. Табиғи құқық теориясы

Адам құқықтары туралы ең көне теориялардың бірі – табиғи құқық ұғымы. Бұл теорияға сәйкес, адам құқықтары белгілі бір табиғи тәртіптен немесе Құдайдың еркінен туындайды. Заңдар мен үкіметтерден тәуелсіз болып табылады. Бұл теория адам құқықтарының әмбебаптығы мен тұтастығына баса назар аударады.

2. Утилитаризм теориясы

Утилитаризм теориясы адамдардың ең көп саны үшін ең үлкен бақыт принципіне негізделген адам құқықтарын түсінуге ықпал етеді. Адам құқықтары контекстінде бұл құқықтарды құрметтеу және қорғау қоғамның жалпы әл-ауқатына ықпал етуі керек дегенді білдіреді.

3. Конструктивизм теориясы

Конструктивистік теория адам құқықтары қозғалмайтын жиынтық емес, әлеуметтік құрылым мен диалог нәтижесінде қалыптасады деп тұжырымдайды. Осы тұжырымдамаға сәйкес, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар адам құқықтарының мазмұнын анықтайды және олар өзгертін жағдайларға сәйкес дамып, өзгеруі мүмкін.

4. Либерализм теориясы

Либералды теория жеке бостандық пен автономия идеясына негізделген адам құқықтарын ақтайды. Осы тұжырымдамаға сәйкес, адам құқықтары әр адамның жеке басының бостандығы мен қадір-қасиетін қорғауға, сондай-ақ мемлекет билігін шектеуге кепілдік береді.

5. Космополотизм теориясы.

Адам құқықтарына сыни көзқарас олардың әлеуметтік және экономикалық әділеттілікпен ажырамас байланысын көрсетеді. Бұл теория адам құқықтарын жүзеге асыруға әсер ететін саяси және экономикалық факторларды талдайды және адам құқықтары тұжырымдамасын әлеуметтік теңсіздіктер мен езгіге қарсы күрес құралы ретінде алға тартады.

Қазіргі әлемде адам құқықтары туралы халықаралық теориялар дамып, жаңа қиындықтар мен жағдайларға бейімделуді жалғастыруда.

Адам құқықтары туралы халықаралық теориялар адам құқықтары мен бостандықтарын жаһандық деңгейде дамыту мен қорғаудың негізі болып табылады. Ондаған жылдар бойы әртүрлі елдер мен ұйымдар осы құқықтарды негіздейтін және қорғайтын әртүрлі тұжырымдамалар жасады. Бұл саладағы негізгі құжаттардың бірі, жоғарыда көрсетілгендей, 1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы

қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Ең маңызды теориялардың бірі – әмбебаптылық – адам құқықтары мәдени, әлеуметтік немесе саяси ерекшеліктеріне қарамастан барлық адамдарға қолданылатын ажырамас және әмбебап болып табылады. Бұл теория әр адамның құқықтарының қол сұғылмаушылығы мен бөлінбейтіндігін көрсетеді. Қарама-қарсы көзқарас, релятивизм теориясы, адам құқықтары белгілі бір мәдениеттің немесе қоғамдық ортаның контекстінде қарастырылуы керек деген идеяны көрсетеді. Бұл құқықтардың анықтамасы мен қорғалуы тарихи, мәдени және діни факторларға байланысты өзгеруі мүмкін дегенді білдіреді. Диалектика теориясы әмбебаптылық пен релятивизм арасындағы өзара әрекеттесудің тұрақты процесі бар екенін айтады. Ол әртүрлі мәдени контексттерде адам құқықтарының әртүрлі түсіндірмелері болуы мүмкін екенін мойындайды, сонымен бірге әмбебап стандарттарға ұмтылу қажеттілігін атап көрсетеді. Екінші жағынан, космополиттік теория әлем азаматтарының халықаралық деңгейде танылуы және қорғалуы тиіс ортақ құқықтары мен міндеттері бар деген идеяны алға тартады. Халықаралық қатынастар теориясын айтатын болсам, ол адам құқықтарын жаһандық қатынастар мен саясаттың әсері тұрғысынан қарастырады. Бұл тәсіл халықаралық ұйымдар мен шарттардың құқықтарды қорғау стандарттары мен тетіктерін құрудағы рөліне назар аударады. Адам құқықтарының феминистік теориясы болса, бұл тәсіл құқықтар мен бостандықтардың гендерлік аспектілеріне назар аударады. Жыныстық кемсітушілікті анықтайды және әйелдер мен қыздардың құқық қорғау және әлеуметтік өмірдегі жағдайының ерекшеліктерін ескеруге шақырады.

Бұл теориялардың барлығы халықаралық құқық пен адам құқықтарын қорғау саясатының дамуына маңызды үлес қосады. Бұл мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастар болғанымен, мақсат бүкіл әлемде әр адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, қорғау және сақтау болып қала береді. Аталған теориялар әлемдік практика мен ғылымдағы табиғатқа, деректерге және адам құқықтарын қорғауға қатысты әртүрлі көзқарастарды білдіреді. Осы теорияларды зерттеу және қолдану әртүрлі мәдени, саяси және әлеуметтік контексттерде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және ілгерілету бойынша тиімдірек стратегияларды дамытуға мүмкіндік береді.

Адам құқықтары мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және әлемдік қоғамдастықтың басқа да қатысушылары арасындағы өзара іс-қимылға әсер ете отырып, халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқарады [6]. Адам құқықтары мен халықаралық қатынастарды байланыстыратын бірнеше аспектілерді атап өтсем, алдымен, дипломатия және адам құқықтары. Бұл мемлекеттер адам құқықтарын халықаралық аренада қорғауды қолдай отырып, өздерінің дипломатиялық стратегиясының бөлігі ретінде пайдаланады. Бұл адам құқықтарының бұзылуы туралы баяндамаларды ұсынуды және адам құқықтары мәселелері бойынша келіссөздер жүргізуді қамтуы мүмкін. Екіншіден, халықаралық құқық және адам құқықтары: адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт сияқты адам құқықтарын қорғауға бағытталған көптеген халықаралық құқықтық құралдар, актілер бар. Бұл құжаттар халықаралық құқықтың негізін құрайды. Сонымен қатар, әлемдік масштабта адам құқықтарын қорғауға негіз болады. Үшіншіден, халықаралық сот және адам құқықтары жөніндегі органдарға көз жүгіртсек, еуропалық адам құқықтары жөніндегі сот, америкааралық адам құқықтары жөніндегі комиссия және халықаралық қылмыстық сот сияқты бірқатар халықаралық соттар мен органдар адам құқықтарын бұзу туралы істерді қарауға және олар бойынша шешім шығаруға құқылы [7]. Гуманитарлық дағдарыстар және адам құқықтары: халықаралық қатынастар көбінесе, адам құқықтары елеулі түрде бұзылуы мүмкін реакцияны қамтиды. Бұл гуманитарлық көмек көрсетуді, бітімгершілік операцияларды немесе адам құқығын бұзушыларға қарсы санкциялар енгізуді қамтуы мүмкін [8]. Адам құқықтары туралы халықаралық шарттар мен келісімдер бойынша мемлекеттер адам құқықтарын қорғауға

және ілгерілетуге бағытталған халықаралық шарттар мен келісімдер жасай алады. Мұндай келісімге мысал келтіре келсем, «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы» Конвенция (1979) немесе «Ядролық қаруға тыйым салу туралы» шартты (2017) айтуға болады. Бұл аспектілер адам құқықтары мемлекеттердің саясатына, халықаралық құқыққа және қауіпсіздікке әсер ете отырып, халықаралық қатынастарды қалыптастыру мен реттеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді [9].

Қорытынды.

Адам құқықтары әлемдегі әрбір адамға тумасынан берілетін негізгі құқықтар мен бостандықтар болып табылады. Олар адамның қандай болмысына қарамастан тең әрі бірдей қолданылады.

Адам құқықтары – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Ол адамның ұлтына, нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне немесе басқа мәртебелеріне тәуелді емес және оларды саяси жүйесіне қарамастан, барлық мемлекеттер мен институттар құрметтеп, қорғауы қажет. Адам құқықтары азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени аспектілерді қамтиды. Яғни, адамның өмір сүру құқығы, бостандығы мен қауіпсіздігі, сөз бостандығы, әділ сот ісін жүргізу құқығы, еңбек, білім беру, медициналық қызмет көрсету құқығы, теңдік пен кемсітпеу құқығы, мәдени өзін-өзі анықтау құқығы және басқалары.

Адам құқықтарының принциптері адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» халықаралық пакт, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт сияқты халықаралық құжаттарда, сондай-ақ көптеген жергілікті және ұлттық заңнамалық актілерде бекітілген. Адам құқықтарын сақтау әділетті және демократиялық қоғамның негізі болып табылады. Мұнда әр адам өзінің қадір-қасиетін құрметтеуге және жеке басының еркін дамуына құқылы.

Адам құқықтары теориясындағы халықаралық құқықтық мәселелер өзекті болып қала береді және үнемі талқылау мен дамуды қажет етеді. Адам құқықтарын қорғау әртүрлі қиындықтар мен қайшылықтарға қарамастан, адамның нәсіліне, жынысына, дініне немесе әлеуметтік мәртебесі секілді ерекшеліктеріне қарамастан, барлық адамдар үшін әділеттілікті, бостандық пен қадір-қасиетті қамтамасыз етудегі халықаралық қауымдастықтың маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 История политических и правовых учений / под общ. ред. В.С. Нерсисянца. — 2000. — С. 44-50
- 2 Исаев И.А. «О противоречиях у стойков»: естественное право и справедливость. История государства и права. — 2013. — 222 с.
- 3 Алексеев-Попов В.С. О социальных и политических идеях Жан-Жака Руссо / Руссо Ж.Ж. Трактаты. — 1969. — С. 487-554
- 4 Европейская конвенция по правам человека / Конвенция ЕКПЧ — СТ. 53 Гарантии в отношении признанных прав человека. [Электронный ресурс] — URL: <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols> (дата обращения: 20.05.2022)
- 5 Celicia M. (1990) The Inter-American Commission on Human Rights and The Inter-American Court of Human Rights: Reflections on a Joint Venture. 439 p.
- 6 Мовчан А.П. Права человека и международные отношения. — 1982. — 123 с.
- 7 Baylis Ch. (1944) Towards an International Bill of Rights. N.Y. P. 244-253
- 8 Всеобщая декларация прав человека и основных свобод: 45-я годовщина. — Париж. — 1994. — С. 43-63
- 9 Montgomery J.W. (1984) The Marxist Approach to Human Right: Analysis and Critique. California. P. 69-99

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ ВОПРОСЫ ТЕОРИИ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

Аннотация.

Основной целью данной статьи является рассмотрение нескольких вопросов международно-правовой теории прав человека, передаваемых из жизни человека, которые являются неотъемлемыми и особо ценными сокровищами. Начиная с древнегреческого, римского периодов, в которых берут свое начало теории прав человека, затем исследуя теории прав человека великих ученых Европы XVII-XVIII веков, по течению исследуя изменения, внесенные в период Французской революции 1789 года и во время Первой и Второй мировых войн, в этой статье объясняется развитие прав человека до наших дней, рассматривая место в международных отношениях и в области международного права. Рассматриваются в данной статье различные комментарии и взгляды великих философов на понятие прав человека, включая теоретические вопросы международного права, такие как вопросы иерархии, единства, единообразия, независимости, власти, справедливости и законности и другие. Кроме того, дается представление о ценности, особенности, независимости прав человека в сфере международного права. Поясняется о задаче государства и иных правовых институтов в защите прав человека. В международных отношениях рассматриваются истоки и сущность утилитаризма, конструктивизма, либерализма, феминизма, космополотизма и других теорий, их вклад в современное понимание прав человека. Также, указана роли международных организаций, таких как Организация Объединенных Наций и Европейский суд по правам человека, в защите и пропаганде прав человека, а также о деятельности указанных организаций, таких как разработка нормативных актов, контроль за соблюдением актов государствами-членами, рассмотрение и урегулирование жалоб на нарушения прав человека.

Ключевые слова: права человека, правовая система, международное сотрудничество государств, теории о правах человека, ценность человека, правовая культура.

REFERENCES

- 1 Istoriya politicheskikh i pravovykh uchenii / pod obshh. red. V.S. Nersesyantsa [History of political and legal doctrines / edited by. ed. V.S. Nersesyants]. 2000. P. 44-50 [in Russian]
- 2 Isaev I.A. «O protivorechiyakh u stoikov»: estestvennoe pravo i spravedlivost' / Istoriya gosudarstva i prava ["On the contradictions of the Stoics": natural law and justice / History of state and law]. 2013. 222 p. [in Russian]
- 3 Alekseev-Popov V.S. O sotsial'nykh i politicheskikh ideyakh Zhan-Zhaka Russo [On the social and political ideas of Jean-Jacques Rousseau]. Russo Zh.Zh. Traktaty. 1969. P. 487-554 [in Russian]
- 4 Evropeiskaya konventsia po pravam cheloveka / Konventsia EKPC — P. 53 Garantii v otnoshenii priznannykh prav cheloveka [European Convention on Human Rights / ECHR Convention – Art. 53 Guarantees concerning recognized human rights. Available at: — URL: <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols> [in Russian] (accessed: 20.05.2022)
- 5 Celicia M. (1990) The Inter-American Commission on Human Rights and The Inter-American Court of Human Rights: Reflections on a Joint Venture. 439 p. [in English]
- 6 Movchan A.P. Prava cheloveka i mezhdunarodnye otnosheniya [Human rights and international relations]. 1982. 123 p. [in Russian]
- 7 Baylis Ch. (1944) Towards an International Bill of Rights. N.Y. P. 244-253 [in English]
- 8 Vseobshhaya deklaratsiya prav cheloveka i osnovnykh svobod: 45-ya godovshchina [Universal Declaration of Human Rights and Fundamental Freedoms: 45th Anniversary]. Parizh. 1994. P. 43-63 [in Russian]
- 9 Montgomery J.W. (1984) The Marxist Approach to Human Right: Analysis and Critique. California. P. 69-99 [in English]

INTERNATIONAL LEGAL ISSUES IN THE THEORY OF HUMAN RIGHTS

Abstract.

The main purpose of this article is to consider several issues of the international legal theory of human rights transmitted from human life, which are inalienable and precious treasures. Starting from the ancient Greek and Roman periods, in which the theories of human rights originate, then exploring the theories of human rights of the great scientists of Europe of the XVII-XVIII centuries, exploring the changes made during the French Revolution of 1789 and during the First and Second World Wars, this article explains the development of human rights to the present day considering the place in international relations and the field of international law. This article examines various comments and views of great philosophers on the concept of human rights, including theoretical issues of international law, such as issues of hierarchy, unity, uniformity, independence, power, justice, and legality, among others. In addition, an idea is given about the value, peculiarities, and independence of human rights in international law. It

explains the task of the state and other legal institutions in protecting human rights. International relations examines the origins and essence of utilitarianism, constructivism, liberalism, feminism, cosmopolitanism, and other theories, and their contribution to the modern understanding of human rights. The role of international organizations, such as the United Nations and the European Court of Human Rights, in the protection and promotion of human rights, as well as the activities of these organizations, such as the development of regulations, monitoring compliance with acts by Member States, consideration and settlement of complaints of human rights violations, is also indicated.

Key words: human rights, legal system, international cooperation of States, theories of human rights, legal culture, human value.

Information about authors:

Salahiden Sabikenov – **corresponding author**, academician of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, Sorbonne-Kazakhstan Institute at the Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Department “Law”, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: salahiden.sabikenov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2251-1835>

Информация об авторах:

Салахиден Сабикенов – **основной автор**, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, профессор кафедры «Право» института Сорбонна-Казахстан при Казахского национального педагогического имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: salahiden.sabikenov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2251-1835>

Авторлар туралы ақпарат:

Салахиден Сабикенов – **негізгі автор**, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық ғылымының жанындағы Сорбонна-Қазақстан институты, «Құқық» кафедрасының академигі, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: salahiden.sabikenov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2251-1835>